

## Қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы № \_\_\_ шарт

Лисаков қ.

2016 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_

Бұдан әрі Тапсырыс беруші деп аталатын, Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесі атынан 18.02.2014 жылғы № 42 Жарғының негізінде іс-әрекет ететін, директор тұлғасында Елисеева Лариса Викторовна, бір тараптан және Өнім беруші деп аталатын, \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ іс-әрекет ететін Жеке кәсіпкер \_\_\_\_\_ екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталатындар, 2016 жылғы «\_\_\_» \_\_\_\_\_ өткен тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді берушілерді таңдау жөнінде конкурстың қорытындылары туралы хаттаманың негізінде Қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты және төмендегі туралы келісімге келді:

### 1. Шарттың мәні

1.1. Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы Шарттың 1-қосымшасына сәйкес аз қамтылған отбасыларынан шыққан білім алушыларды тамақтандыруды қамтамасыз ету бойынша қызметтерді (бұдан әрі – қызметтер) көрсетуге, ал Тапсырыс беруші осы Шарттың талаптары бойынша аталмыш қызметтерді қабылдауға және орындауға ақы төлеуге міндеттенеді.

### 2. Шарттың құны және ақы төлеу шарттары

2.1. Шарттың жалпы сомасы 1 487 700 (бір миллион төрт жүз сексен жеті мың жеті жүз) теңгені құрайды және Қызметтерді көрсетумен байланысты барлық шығындарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген барлық салықтар мен алымдарды (бұдан әрі – Шарттың сомасы) қамтиды. Балалар-күн санын 8700. Бір баланың тамақтану құны 171 (бір жүз жетпіс бір) теңгені құрайды

2.2. Шарт 464003 «Жалпы білім беру» бюджеттік бағдарламасы, 015 «Жергілікті бюджет қаражаттары есебінен» кіші бағдарламасы, 163 «Жалпыға міндетті орта білім қорының шығындары», ерекшілігі бойынша аумақтық қазынашылық органында тіркеуден өткізуге жатады.

2.3. Тапсырыс беруші соманы Өнім беруші көрсеткен нақты Қызметтер мен көрсетілген қызметтердің актісіне Тараптар қол қойғаннан кейін бюджеттік қаражаттардың бөлінуіне қарай аудару жолымен төлейді. Көрсетілген Қызметтер актісінің нысанын Өнім беруші Тапсырыс берушімен алдын ала келіседі.

2.4. Көрсетілетін Қызметтердің сандық және құндық түрдегі көлемі Шарттың 1-қосымшасында айтылып келісілді.

2.5. Ақы төлеуден алдыңғы қажетті құжаттар:

- 1) Аумақтық қазынашылық органында тіркелген Шарт;
- 2) көрсетілген Қызметтердің актісі;
- 3) Өнім беруші Тапсырыс берушіге ұсынған шот-фактура.

2.6 Қызметтерді орындау мерзімі 2016 жылғы наурыз-мамыр, 2016 жылғы қыркүйек-желтоқсан. Ақы төлеу мерзімі – 2016 жылғы сәуір-маусым, 2016 жылғы қазан-желтоқсан.

2.7 . Өнім беруші ҚҚС төлеуші емес.

### 3. Тараптардың міндеттемелері

3.1. Өнім беруші:

1) Шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге;

2) Әлеуетті Өнім беруші шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Үлгілік конкурстық құжаттаманың 8-қосымшасына сәйкес банктік кепілдік немесе конкурстық ұйымдастырушының банк шотына енгізілетін: ЖСК № KZ380705034640536001 «ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық комитеті Қостанай облысы бойынша қазынашылық департаментінің Лисаков қалалық қазынашылық басқармасы» РММ-не, БСК ККМФКЗ2А шарттың жалпы сомасының үш пайызы мөлшерінде кепілдік ақшалай жарна түрінде енгізеді.

3) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде қызметтер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шарттың 1-қосымшасында көрсетілген талаптарға сәйкес келуі тиіс екенін ескеруге;

4) Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімісіз жоғарыда аты аталған құжаттарды және ақпаратты Шартты жүзеге асыру мақсатынан басқа мақсатта пайдаланбауға;

5) Шарт бойынша міндеттемелердің орындалу барысы туралы ақпаратты Тапсырыс берушінің бірінші талабы бойынша ұсынуға;

көрсетілген ақпаратты бұл персоналға Шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті шамада құпия түрде ұсынуға;

6) Мердігердің Шарттың талаптарын тиісінше орындамауымен және/немесе басқа да заңға қайшы әрекеттерімен келтірген шығындарын Тапсырыс берушіге толық көлемде өтеуге;

7) Оқушылардың тамақтануы „Балалар мен жас өспірімдерді тәрбиелеу және білім беру объектілеріне санитарлық - эпидемиологиялық талаптар,, санитарлық ережелерін бекіту туралы ҚР Үкіметінің 29.12.2014 жылғы № 179 қаулысына сәйкес азық-түлік тағамдары мен күндізгі тағам мөлшерінің белгіленген нормалары бойынша мәзірге сәйкес жүргізілуі тиіс.

8) „Өнім беруші,, мектеп директорымен бекітілген тізімдер бойынша аз қамтылған отбасыларынан шыққан мектеп оқушыларын тамақтандыруды қамтамасыз етеді.

9) „Өнім беруші,, балаларды мектепте болған уақытында сапалы, үйлестірілген, қауіпсіз тамақпен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін 2-апталық тарату-мәзірін Тапсырыс берушіге ұсынады. „Өнім беруші,, нарықтама мен мәзірді күн сайын мектеп директорына бекітуге ұсынады.

10) Егер қызметтерді көрсету барасында „Өнім беруші,, көрсетілетін қызметтердің сапасын төмендететін Шарттың талаптарынан және ҚР стандарттарынан ауытқуға жол берсе, „Өнім беруші,, Тапсырыс берушінің талабы бойынша анықталған барлық кемшіліктерді 2 сағаттың ішінде тегін түзетуге міндеттенеді.

11) „Өнім беруші,, ұсынылған құрал-жабдықтар мен жайды шарттың мақсаттарына пайдалануға міндеттенеді.

12) „Өнім беруші,, құрал-жабдықтардың, жиһаздардың және басқа аз құнды мүкәммалдардың сақталуын қамтамасыз етеді. Технологиялық құрал-жабдықтар, жиһаздар және басқа аз құнды мүкәммалдар бұзылған жағдайда келтірілген зиян мен жөндеу Өнім берушінің есебінен жүргізіледі және төленеді.

13) Өнім беруші күнтізбелік 15 күннің ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлкі туралы заңнамасына сәйкес үй-жайды және мектеп асханасының құрал-жабдықтарын жалдау шартын жасасады.

14) „Өнім беруші,, есепті айдан кейінгі айдың 20-сынан кеш қалмай нақты тұтынылған көлемдер үшін коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге міндеттенеді.

15) „Өнім беруші,, мектеп оқушыларының тамақтануы үшін қажетті мөлшерде ыдыс-аяқпен қамтамасыз етуге міндетті.

3.2. Тапсырыс беруші міндеттенеді:

1) Өнім берушінің мамандарына Қызметтерді көрсету үшін кіруді қамтамасыз етуге;

2) Шарттың талаптарына сәйкес Өнім берушімен Шарт бойынша көрсетілген қызметтерді қабылдауға және ақы төлеуге.

3) Тамақтануды ұйымдастыруға бақылау жасауды жүзеге асыруға. Тамақтануды ұйымдастыруға бақылауды мектептің медқызметкері, сондай-ақ айдың аяғында „Өнім берушімен,, және мектеп бойынша бұйрықпен анықталған „Тапсырыс берушінің,, жауапты тұлғасымен (әлеуметтік педагог немесе директордың орынбасары) бірлесіп, „Өнім берушінің,, және Тапсырыс беруші өкілінің ұсынған есептері негізінде жүзеге асырады.

4) «Тапсырыс беруші» оқушылардың тамақтанатын кезеңіне «Өнім берушіге» жай, құрал-жабдықтар, аз құнды мүкәммалдар ұсынады.

3.3. Көрсетілетін қызметтердің сапасы Қазақстан Республикасында белгіленген стандарттарға сәйкес келуі тиіс.

3.4 Азықтық шикізат пен тамақ өнімдеріне олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттар ұсынылуы тиіс.

3.5. Дайын тағамдардың шығу көлемі „Балалар мен жас өспірімдерді тәрбиелеу және білім беру объектілеріне санитарлық - эпидемиологиялық талаптар,, санитарлық ережелерін бекіту туралы ҚР Үкіметінің 29.12.2014 жылғы № 179 қаулысына сәйкес азық-түлік тағамдары мен күндізгі тағам мөлшерінің белгіленген нормаларына сәйкес болуы тиіс.

3.6. Қызметтерді көрсету сапасының талаптары бұзылғаны байқалған жағдайда Тапсырыс беруші шартты орындаудан өз қалауы бойынша бас тартуға және төленген ақшалай соманы қайтаруды талап етуге немесе тиісті сападағы қызметтерді көрсетуге ауыстыруды талап етуге құқылы.

#### **4. Қызметтердің техникалық ерекшелікке сәйкестігін тексеру**

4.1. Тапсырыс беруші немесе оның өкілдері Көрсетілетін қызметтердің Шарттың 1-қосымшасында көрсетілген талаптарға сәйкестігіне бақылау мен тексеруді жүргізе алады. Бұл ретте осы тексерістер бойынша барлық шығындарды Өнім беруші өтейді. Тапсырыс беруші осы мақсаттарға анықталған өз өкілдері жайлы Өнім берушіге жазбаша түрде және өз уақытында хабарлауы тиіс.

4.2. Осы Шарт шегінде көрсетілетін Қызметтер 1-қосымшада көрсетілген стандарттарға сәйкес немесе олардан жоғары болуы тиіс.

4.3. Егер тексеріс кезінде көрсетілген Қызметтердің нәтижелері техникалық ерекшеліктің талаптарына (Шарттың 1-қосымшасы) сәйкес келмейді деп танылса, Өнім беруші, Тапсырыс беруші тарапынан еш қосымша шығынсыз, тексеріс өткен уақыттан бастап 5 күннің ішінде техникалық ерекшелік талаптарына сәйкессіздіктерді жою бойынша шараларды қолданады.

4.4. Жоғарыда көрсетілген бірде-бір тармақ Өнім берушіні Шарт бойынша басқа міндеттемелерден босатпайды.

#### **5. Кепілдік**

5.1. Өнім беруші Тапсырыс берушіге үздіксіз, сапалы және уақыттылы Қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге кепілдік етеді.

5.2. Өнім беруші қателіктерді, істеліп бітпеген жұмыстарды және Қызметтердің техникалық ерекшелікке (Шарттың 1-қосымшасы) басқа сәйкессіздіктерін ақысыз түзетуге кепілдік береді.

5.3. Тапсырыс беруші Өнім берушіге берілген кепілдікке байланысты барлық шағымдары туралы жазбаша түрде жедел хабарлауға міндетті, содан кейін Өнім беруші осыған байланысты барлық шығындармен қоса, Тапсырыс берушімен хабарламада белгіленген мерзімнің ішінде өз есебінен ақаулықтарды жою бойынша шараларды қолдануы тиіс.

5.4. Егер Өнім беруші, хабарламаны алып, ақаулықтарды жою бойынша шараларды уақыттылы қолданбаса, Тапсырыс беруші Шарт бойынша Өнім берушіге қатысты өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірмей, қажетті ықпалшаралар мен ақаулықтарды жою бойынша шараларды Өнім берушінің есебінен қолдануға құқылы.

#### **6. Тараптардың жауапкершілігі**

6.1. Өнім беруші тарапынан Қызметтерді көрсетудің Шартпен белгіленген мерзімдері бұзылған жағдайда, Тапсырыс берушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауды тоқтатуына әкеп соқтырады.

6.2. Өнім берушінің осы Шартпен көзделген өз міндеттемелерін бұзуы оған жүктелетін мынадай санкцияларға әкеп соқтырады: орындамаған не болмаса тиісінше орындамаған шарт сомасының 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақыны) мерзімі өткен әрбір күн үшін Шарт бойынша міндеттемелерді нақты орындаған күнге дейін төлейді. Тапсырыс беруші мұндай тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімақыны) 0,1% өндіруді қамтамасыз етеді.

6.3. Тұрақсыздық айыбын төлеу Өнім берушінің Шарт бойынша өзі міндеттерін орындаудан босатпайды.

6.4. Егер кез келген өзгеріс Шарт бойынша Қызметтерді көрсету үшін Өнім берушіге қажетті құнның немесе мерзімнің азаюына әкелетін болса, онда Шарттың сомасы немесе орындау кестесі, немесе екеуі де тиісті түрде түзетіледі, ал Шартқа тиісті жөндеулер

енгізіледі. Өнім берушінің түзетулерді жүргізу туралы барлық сұранымдары Өнім беруші Тапсырыс берушіден өзгерістер туралы тапсырма алған күннен бастап 30 (отыз) күннің ішінде ұсынылуы тиіс.

6.5. Өнім беруші Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімісіз өзінің осы Шарт бойынша міндеттемелерін біреуге не толықтай, не ішінара табыстамауы тиіс.

## **7. Шарттың қолданылу мерзімі және бұзу талаптары**

7.1. Шарт Тапсырыс беруші оны Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органында тіркегеннен кейін күшіне енеді және 2016 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

7.2. Егер Өнім беруші банкротқа немесе төлеуге қабілетсіз жағдайға ұшырағанда, Тапсырыс беруші Өнім берушіге тиісті жазбаша хабарлама жіберіп, кез келген уақытта бір тарапты тәртіпте Шарттың талаптарын орындаудан бас тарта алады. Бұндай жағдайда Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту тез арада жүзеге асырылады, және егер Тапсырыс берушіге Шарттың талаптарын орындаудан бас тарту ешқандай залал келтірмесе немесе соңынан Тапсырыс берушіге қойылатын санкцияларды қолдануда немесе әрекеттерді жасауда қандай-да бір құқықтарына тимесе, Өнім берушіге қатысты ешқандай қаржылық міндеттерді көтермейді.

7.3. Жоғарыда көрсетілген жағдаяттар негізінде Шарт жойылса, Өнім беруші Шарт жойылған күні Шарт бойынша бұзуға байланысты нақты шығындар үшін ақы төлеуді талап етуге құқылы.

7.4. Шарт талаптарын бұзғаны үшін қандай да бір басқа санкцияларға зиян келтірместен Тапсырыс беруші Өнім берушіге міндеттемелерін орындамағаны туралы жазбаша хабарлама жібере отырып, осы Шартты толығымен немесе ішінара бұза алады:

1) егер Өнім беруші Шартпен көзделген мерзімдерде, немесе Тапсырыс берушімен ұсынылған осы Шартты ұзартқан кезеңнің ішінде Қызметтерді көрсете алмаса;

2) егер Өнім беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындай алмаса бұза алады.

7.5. Шарт тараптардың келісімі бойынша бұзылуы мүмкін.

## **8. Форс-мажор**

8.1. Егер ол форс-мажор жағдайлардың нәтижесі болса, Тараптар Шарт талаптарының орындалмағаны үшін жауапкершілікті көтермейді.

8.2. Шарт мақсаттары үшін «форс-мажор» Тараптардың бақылауына бағынышты емес және күтпеген сипатқа ие оқиғаны білдіреді. Ондай оқиғалар: соғыс қимылдары, табиғи немесе стихиялық апаттар және басқаларды қамтуы, бірақ тек олар ғана шектеліп қалмауы мүмкін.

8.3. Форс-мажор жағдайлар пайда болған кезде Өнім беруші осындай жағдайлар және оның себептері туралы Тапсырыс берушіге жазбаша хабарламаны жедел жіберуі тиіс. Егер Тапсырыс берушіден басқа жазбаша нұсқаулықтар келіп түспесе, Өнім беруші Шарт бойынша өзінің міндеттерін мүмкіндігінше мақсатқа лайықты орындауды жалғастырады және форс-мажорлық жағдайларға байланысты емес Шартты орындаудың баламалы әдістерін іздейді.

## **9. Даулы мәселелерді шешу**

9.1. Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша немесе соған байланысты араларында пайда болған барлық даулар мен келіспеушіліктерді тікелей келіссөз жүргізу барысында шешу үшін барлық күштерін салулары тиіс.

9.2. Егер осындай келіссөз басталғаннан кейін 21 (жиырма бір) күннің ішінде Тапсырыс беруші мен Өнім беруші Шарт бойынша дауды шеше алмаса, Тараптардың кез келгені осы мәселенің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуін талап ете алады.

## **10. Хабарлама**

10.1. Шартқа сәйкес бір тарап екінші тарапқа жіберген кез келген хабарлама ізінен түпнұсқасын ұсынатын болып, хат, телеграмма, телекс немесе факс арқылы жібереді.

10.2. Хабарлама жеткізілгеннен кейін немесе көрсетілген күшіне енетін күнінен бастап (егер хабарламада көрсетілген болса), осы мерзімнің қайсы бірі кеш болуына қарай өз күшіне енеді.

### **11. Басқа да талаптар**

11.1. Салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төленуге жатады.

11.2. Шартқа енгізілетін кез келген өзгерістер мен толықтырулар олар тек жазбаша нұсқада жасалған жағдайда және Тараптардың осыған өкілетті өкілдерімен қол қойылған және олардың мөрлерімен бекітілген жағдайда ғана шынайы деп танылады.

11.3. Жасасқан Шартқа сапасы мен Өнім берушіні таңдауға негіз болған басқа жағдайлар өзгермейтін болғанда өзгерістер енгізуге жол беріледі:

1) Шартта көрсетілген Қызметтердің бірлігі үшін баға өзгермеген жағдайда, көрсетілетін Қызметтер көлеміне мұқтаждықтың ұлғаюы немесе азаюына байланысты Шарт сомасының ұлғаю немесе азаю бөлігінде;

2) Тараптардың өзара келісімі бойынша Қызметтер үшін бағаның азаю және соған сәйкес Шарт сомасының азаю бөлігінде.

11.4. Тараптардың біреуінің Шарт бойынша міндеттерін беруіне тек екінші тараптың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

11.5. Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін бір-біреуден бірдей заңды күші бар қазақ және орыс тілдерінде екі данада жасалды.

11.6. Шартпен реттелмеген бөлігінде Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

### **12. Тараптардың деректемелері**

#### **Тапсырыс беруші:**

Лисаков қаласы әкімдігі білім  
бөлімінің "Мектеп-гимназия" коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі  
111200, Лисаков қ., 2 ш/а., 28-үй  
БСН 9906 4000 0431  
ЖСК KZ27 0701 03KS N391 8000  
БСК KKMFKZ2A  
«ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық  
комитеті » ММ  
Тел.: 8 (71433)34204, 40430

#### **Өнім беруші:**

**Директор**

**Елисева Л.В.**

Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің аз қамтылған отбасыларынан шыққан білім алушыларды тамақтандыруды қамтамасыз етуді ұйымдастыру бойынша қызметтер Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 2-шағын аудан, 28-үй мекенжайы бойынша көрсетілуі тиіс.

Өлшем бірлігі: қызмет.

Саны: 1.

Шарттың жалпы сомасы сома 1 487 700 (бір миллион төрт жүз сексен жеті мың жеті жүз) теңгені құрайды.

Лисаков қаласы әкімдігі білім бөлімінің "Мектеп-гимназия" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің аз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушыларын мектепте ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша қызметтерді алушылардың жалпы саны 695 оқушы: оның ішінде жергілікті бюджет қаражаты есебінен жалпы сомасы 1 487 700 (бір миллион төрт жүз сексен жеті мың жеті жүз) теңгеге ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша қызметтерді алушылардың 58-і аз қамтылған отбасыларынан шыққан.

Балалар - күн саны 8700 құрайды.

**Бір білім алушының тамақтану құны** ұйымдастырушымен белгіленген құннан – 171 (бір жүз жетпіс бір) теңгеден аспауы тиіс.

Қызметтерді көрсету мерзімі 2016 жылғы наурыз-мамыр, 2016 жылғы қыркүйек-желтоқсан.

Асхана жайы мектеп ғимаратының 1-қабатында жайғасқан.

Асхана жайының жалпы ауданы – 124,1 м<sup>2</sup>.

Асхана жайында: ас бөлме 48,8 м<sup>2</sup>, ас бөлме 32,1 м<sup>2</sup>, мұздатқыш камера 4,9 м<sup>2</sup>, қойма 9,5 м<sup>2</sup>, дәліз 16,5 м<sup>2</sup>, дәліз 3,4 м<sup>2</sup>, дәліз 1,6 м<sup>2</sup>, санторап 1,7 м<sup>2</sup>, қойма 1,1 м<sup>2</sup>, қосалқы бөлме 4,5 м<sup>2</sup>, 200 орынға есептелінген түстенетін зал бар.

Ас әзірлейтін бөлме жабдықталған: нан пісіретін шкаф – 1 дана, электр сковородасы-1 дана, қамыр илейтін – 1 дана, электр қазаны – 1 дана, мармит – 1 дана.

Қызметтерді көрсету орны: 111200, Қостанай облысы, Лисаков қаласы, 2-шағын аудан, 28-үй.

**Өнім беруші аз қамтылған отбасыларынан шыққан оқушыларды мектепте ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша қызметтерді көрсеткен кезде мынадай талаптарды орындауы тиіс:**

1. Тағамдар мен олардың сапасын және білім алушылардың денсаулығы үшін қауіпсіз бұйымдарды даярлау мен іске асырудың барлық кезеңдерінде санитарлық нормалар мен ережелерді сақтау үшін қажетті жағдайлар жасауға;

2. Денсаулық жағдайы бойынша рұқсаты бар, кәсіби, гигиеналық дайындықтан өткен, әрбір қызметкердің жеке медициналық кітапшасы бар (Барлық қызметкер жұмысқа кірер кезде алдын ала және кезеңдік медициналық тексерулерден өз уақытында өтуі) адамдарды жұмысқа қабылдауды жүзеге асыруға;

3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, санитарлық ережелерге, гигиеналық нормативтерге сәйкес қызметкерлер үшін еңбек жағдайын жасауға;

4. Ас әзірлейтін бөлменің қызметкерлерін арнайы киімдермен және бас киімдермен қамтамасыз етуге және орталықтандырылған кір жууды қамтамасыз етуге;

5. Қажетті құжаттаманың (сараптау журналдарының, қызметкерлер тобын іріңді және тыныс органдарының өткір ауруларына қарсы тексеру журналдарының, және басқа құжаттардың) күнделікті жүргізілуін қамтамасыз етуге;

6. Зарарсыздандыру бойынша іс-шараларды өткізуді қамтамасыз етуге;

7. Пайдаланып отырған құрал-жабдықтардың, жиһаздың және басқа аз құнды мүкәммалдың түзу жұмыс істеуін және сақталуын қамтамасыз етуге, ал құрал-жабдықтар, жиһаз және басқа аз құнды мүкәммал бұзылған жағдайда өз есебінен жөндеу жүргізуге және зиянның орнын толтыруға;

8. Қызмет көрсетуді бастағанға дейін объектіге санитарлық-эпидемиологиялық тұжырымдама алуға (асхана жайы);

9. Жетерлі мөлшерде өндірістік мүкәммалдармен, ыдыс-аяқтармен, жуатын және залалсыздандыратын заттармен (ҚР пайдалануға рұқсат берілген) және басқа материалдық-техникалық жабдықтау заттарымен қамтамасыз етуге;

10. Өндірістік заттар болып табылатын құрал-жабдық, мүкәммал, ыдыс-аяқ, ыдыс, қоғамдық тамақтандыру ұйымдарына қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сәйкес келуі және белгіленген тәртіпте тамақ өнімдерімен байланыс үшін рұқсат берілген материалдардан істелінген болуы тиіс;

Санитарлық ережелердің талаптарына сәйкес жуу және залалсыздандыру ережелерін сақтау мақсатында асхананы жеткілікті мөлшерде ыдыс-аяқтармен және бір отыратын орынға кемі үш жинақтан тұратын саймандармен қамтамасыз етуге;

11. Формасы өзгерген, шеттері сынған, жарылған, майысқан, эмалі кеткен, алюминийден жасалған, пластмасстан және қысылған шереден жасалған кесетін тақталарды, жарықтары және механикалық зақымдары бар кесетін тақталарды және майда ағаш бұйымдарды ас үй мен асхана ыдыс-аяқтарын пайдалануға жол бермеуге;

12. Қандай-да бір технологиялық құрал істен шығып қалған жағдайда мәзірге өзгеріс енгізу керек және дайын тағамдарды өндірген кезде санитарлық ережелердің талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге;

13. Аз әзірлейтін бөлмеге түсетін тамақ өнімдері тағамдық шикізатқа және тамақ өнімдеріне қойылатын гигиеналық талаптарға сәйкес болуы және олардың шығуын, сапасын және қауіпсіздігін куәландыратын, шығарылған күні, өнімді сақтау жағдайлары мен мерзімі көрсетілген құжаттармен берілуі тиіс. Ілеспе құжатты өнімді іске асырып болғанша сақтау керек.

14. Қызмет көрсеткен кезде қолданылатын өнімдердің сапасы туралы сертификаты (декларация) болуы тиіс;

15. Дайын тағамды беруді дәмін татып көргеннен кейін жүзеге асыруға. Тағамның сапасын бағалауды құрамы кемі үш адамнан тұратын: медицина қызметкері, ас әзірлейтін бөлме қызметкері мен сезу органдары арқылы сапалық көрсеткіштер бойынша (тағам дайындалып жатқан ыдыстан тағамның дәмін татып көру үшін сынама алынады) білім беру мекемесінің өкілі бар сараптау комиссиясы өткізеді. Сараптың нәтижесі санитарлық ережелердің 12-қосымшасына сәйкес „Дайын ас үй өнімдерін сараптау журналына„ тіркеледі. Үлестік тағамның салмағы таратпа-мәзірде көрсетілген тағамның шығымына сәйкес келуі және гигиеналық нормативтерге сәйкес келуі тиіс. Тамақты даярлау технологиясы бұзылған кезде, сондай-ақ дайын болмаған жағдайда, тағам анықталған ас үйлік кемшіліктерді жойғанға дейін шығаруға жіберілмейді;

16. Ерекше сақтау жағдайларын талап ететін тез бұзылатын тағам өнімдерінің сақтау жағдайлары мен мерзімдерін сақтау мақсатында тиісті журналға тіркеп, санитарлық ережелердің 11-қосымшасына сәйкес термометрді (сынаптыны қоспағанда) пайдаланып, мұздатқыш құралда сақтаудың температуралық режимін бақылау жүргізілсін;

17. Технологиялық үдерісті бақылау мақсатында дайындалған тағамдардың әрбір топтамасынан тәуліктік сынама іріктелсін. Тәуліктік сынаманы іріктеу осы санитарлық ережелердің 8-тармағының сынаманы іріктеу бойынша ас үйінің қызметкері (аспаз) жүзеге асырады. Іріктеудің дұрыстығына және тәуліктік сынамалардың сақтау шарттарын бақылауға жауапкершілікті медицина қызметкері жүзеге асырады.

18. Оқушылардың тамақтану кестесін сақтауға;

19. Тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізаттарын Тұтынушылардың құқығын қорғау басқармасы органдарымен берілген тұжырымдамасы бар арнайы машинада жеткізуге. Жүргізушінің немесе экспедитордың жеке медициналық кітапшасы болуы тиіс;

20. Мектеп оқушыларын тамақтандыруға тыйым салынған тағамдарды, сондай-ақ газдалған және алкаголсіз энергетикалық сусындарды, майға қуырылған картопты, кептірілген нандар мен басқа зат гендері араласқан тағам өнімдерін, сондай-ақ сағыздарды сатуға рұқсат етпеуге;

22. Қызмет көрсету аяқталған соң мектептің асүй жайларына жыл сайын және қажеттігіне қарай жөндеу жүргізуге;

23. Конкурс жеңімпазы деп танылған жағдайда жайларға және технологиялық құрал-жабдықтарға (ол болған кезде) жалдау шарттары, сондай-ақ коммуналдық қызметтерді тұтынуға шарттар жасауға.

24. Білім алушылар мен тәрбиеленушілерді тамақтандыруды ұйымдастыру үшін «Ұйымдастырылған ұжымдарда мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің тамақтануы үшін аспазхана өнімін өндіру бойынша технологиялық нұсқаулық» пайдаланылуы тиіс.

Өнімді даярлаған кезде йодталған тұзды қолдану, үшінші және тәтті тағамдарды С-дәрумендеу жүргізілуі керек.

Сүт тағамдары қыздырылғаннан кейін пайдаланылады, салаттарға өсімдік майы қосылады.

Пісірмелер ас үйінің мүмкіндіктеріне қарай түрлі-түрлі көкөністермен, жемістермен, ірімшікпен пісіріледі.

**Тапсырыс беруші:**

Лисаков қаласы әкімдігі білім  
бөлімінің "Мектеп-гимназия" коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі  
111200. Лисаков қ., 2-ш/а., 28-үй  
БСН 9906 4000 0431  
ЖСК KZ27 0701 03KS N391 8000  
БСК KKMFKZ2A  
«ҚР Қаржы министрлігінің қазынашылық  
комитеті » ММ  
Тел.: 8 (71433)34204, 40430

**Өнім беруші:**

**Директор**

**Елисеева Л.В.**